

М.Т. Акимжанова*, Г.А. Ильясова

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

(E-mail: akimzhanova.marzhan@mail.ru, G.Iliasova@mail.ru)

Scopus Author ID: 57204332730, Scopus Author ID: 57197811182

ORCID ID: 0000-0002-4440-3819, ORCID ID: 0000-0002-6289-8325

Researcher ID WOS: AAR-6742-2020

Қазақстан Республикасының цифрлық кеңістігіндегі баланың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері

Интернет-технологиялардың қарқынды дамуы барлық жастағы пайдаланушылар санының, соның ішінде деструктивті ақпараттың тұтынушылары болып табылатын балалар санының күрт өсуіне әкелді. Қазіргі заманғы әлемдік тенденциялар қауіп-қатерлер мен онлайн-тәуекелдердің жаңа форматтарының пайда болуын білдіреді. Балалар ғаламдық Интернет желісінің белсенді пайдаланушылары болып саналады және олардың көпшілігі виртуалды кеңістіктегі ақпараттың қауіптілігін білмейді, атап айтқанда алкогольді, есірткіні тұтынуды, зорлық-зомбылық пен қатыгездікті, агрессивті және суицидтік мінез-құлықты және т.б. Авторлар кибербуллинг сияқты ақпараттық қауіптердің сипаттамаларын анықтаған, балалар суицидінің проблемаларын, оның ішінде әлеуметтік желілердегі «өлім топтары» деп аталатын ойындардың зиянын қарастырған. Бүгінгі күнде мемлекет тарапынан іс-шаралар жоспарлары ұсынылды, сондай-ақ жаһандық ақпараттық кеңістікте баланың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін алдын алу шаралары жүргізілуде. Мақалада осы мәселе бойынша жарияланымдарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің нормативтік-құқықтық актілерін шолу негізінде еліміздегі және басқа елдердегі ақпараттық қауіпсіздік мәселесін шешудің мысалдары келтірілген. Мәселені одан әрі зерделеу және ақпараттық қатерлер мен онлайн-тәуекелдердің туындауын болдырмауға бағытталған профилактикалық іс-шараларды әзірлеу қажеттілігі мәселелері ашылған. Осындай құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында әлеуметтік және құқықтық бағыттағы шараларды әзірлеудің орындылығы туралы қорытынды жасалды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасында балалардың ақпараттық қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру бойынша авторлар ұсынған ықтимал шаралар болып саналады.

Кілт сөздер: бала, ақпараттық қауіпсіздік, бала құқықтары, ақпарат, зиянды ақпарат, қорғау, Интернет, кибербуллинг, қорлау.

Кіріспе

Бүгінде әлем өзінің дамуының жаңа кезеңіне енуде. Ақпараттық саланың қарқынды дамуын одан әрі күшейтетін жаһандану үрдісі жалғасуда. Технологиялардың дамуы, жаңа цифрлық және ақпараттық коммуникациялық құралдардың жаппай енуі қазіргі заманғы медиа кеңістікті түбегейлі өзгертті. Елдің бірыңғай ақпараттық кеңістігінің орнықты жұмыс істеуі мен қауіпсіздігін дамыту және қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі [1]. Адамның және азаматтың ақпаратқа қол жеткізуге конституциялық құқығын жүзеге асырудан, оны физикалық, рухани және ақыл-ой дамуына ықпал ететін, заңнамаға қайшы келмейтін қызметті іске асыру мақсатында пайдаланудан, жеке қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты ақпаратты қорғаудан тұратын ақпараттық кеңістіктегі адамның мүдделерін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделерінің негізгі құрамдас бөлігі болып саналады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы Интернет кеңістігі жалпы алғанда барлық пайдаланушылар үшін тәуекелдерді, қауіптерді туғызушы, алайда осы пайдаланушылардың ең осалы балалар.

Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне, аталған санаттың мазмұнына, балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің ұйымдастырушылық негізінің жұмыс істеуіне, ақпараттық технологиялардың дамуына қарай ақпараттық саладағы қауіптерден қорғаудың басым бағыттарына ғылыми қызығушылық одан сайын арта түсуде. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен және баланың психикалық денсаулығына зиян келтіруі мүмкін ақпараттық сын-қатерлер мен

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: akimzhanova.marzhan@mail.ru

тәуекелдерге уақытында ден қоюмен байланысты үрдістерді құқықтық реттеу мәселелері өте өзекті болып табылады. Қазақстан Республикасында балалардың ақпараттық қауіпсіздігінің құқықтық аспектілерімен байланысты зерттеулердің саны жоқтың қасы, бұл мәселелердің ауқымын түсінуді және онымен күресудің тиімді стратегияларын әзірлеуді қиындатады.

Жаңа қауіптер мен сын-қатерлер жағдайында, жаһандық ақпараттық қоғамның трансшекаралық ғылыми құқықтық мәселелердің өзектілігі мен ақпараттық және деструктивті әсерге қарсы іс-қимылдың жаңа тәсілдерін әзірлеу балалардың ақпараттық қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз етудің маңызды міндеттерімен айқындалады. Авторлық тәсіл балалардың ақпараттық қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз ету және ақпараттық құқық ғылымының осы бағытына назар аудару үшін кешенді ғылыми зерттеу жүргізу қажеттілігімен анықталады.

Қазақстан Республикасының, шет мемлекеттердің нормативтік-құқықтық актілері, сондай-ақ балалардың ақпараттық қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз ету саласындағы стратегиялық және доктриналық міндеттерді айқындайтын құқықтық құжаттар зерттеу пәні болып табылады.

Мақаланың мақсаты — балалардың ақпараттық қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз етудің өзекті теориялық және тәжірибелік мәселелерін анықтау және шешу, осы саладағы заңнаманы әзірлеу, сонымен қатар оны жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды ғылыми негіздеу.

Берілген мақсатқа жету үшін келесідей міндеттерді қойылған:

- балалардың ақпараттық қауіпсіздігін зерттеуде теориялық-әдіснамалық және доктриналық негіздерге талдау жүргізу;
- балалардың денсаулығы мен дамуына ақпараттың зиян келтіруінің онлайн-тәуекелдерінің қасиеттері мен тенденцияларын зерттеу;
- балаларды ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы отандық заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу.

Арнайы әдебиеттерді талдау бүгінгі таңда балалардың ақпараттық қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз ету мәселесі аз зерттелгенін және жеке зерттеуді қажет ететіндігін айтуға мүмкіндік береді. Ақпараттық саладағы мемлекеттің қауіпсіздігін қоса алғанда, ақпараттық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз етуге қатысты жекелеген мәселелер зерттелді. Осы және басқа да өзекті мәселелерді Т.А. Полякова, А.И. Алексеев, В.Н. Лопатина және басқалар зерттеді. Кибербуллингтің құқықтық аспектілерін С.К. Кумисбеков пен М.Т. Акимжанова қарастырған.

Әдістер мен материалдар

Зерттеудің әдіснамалық негізі талдау, синтез, формалды-логикалық, логикалық-құқықтық әдістер сияқты танымның жалпы теориялық және жеке ғылыми әдістері болды. Берілген әдістерді қолдану балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қатынастарды құқықтық реттеуді ерекшеліктерін талдауға мүмкіндік берді.

Формалды-логикалық әдіс қолданылып жүрген заңнама нормаларын талдау кезінде, негізгі ұғымдардың мазмұнын анықтауда, қарастырылып отырған мәселе шеңберінде қорытынды алу мақсатында материалды жүйелеуде қолданылды. Салыстырмалы құқықтық әдіс тенденцияларды анықтауға және шет мемлекеттердің тәсілдерін салыстыруға ықпал етті. Эмпирикалық мәліметтерге талдау жасалды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Бүгінгі таңда ақпараттық сала қоғамның әрбір мүшесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің саяси, экономикалық және басқа да құрамдас бөліктерінің, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздіктің жай-күйіне белсенді әсер ететін қоғам өмірінің жүйе құраушы факторы болып саналады. Адамның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы маңызды бағыттардың ішінде балалардың ақпараттық ортадағы мүдделерін қорғауды атап өту қажет. Бұл олардың жасына, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктермен белгіленген, сондай-ақ кәмілетке толмаған балалар басқаларға қарағанда денсаулыққа және рухани қалыптасуға зиян келтіретін ақпараттың теріс әсеріне көбірек ұшырауына байланысты. Ақпараттық кеңістіктегі баланың заңды мүдделері «Бала құқықтары туралы» Конвенцияның 17-бабында айқындалған, онда «...қатысушы мемлекеттер бұқаралық ақпарат құралдарының маңызды рөлін мойындайды және баланың әртүрлі ұлттық және халықаралық көздерден алынған ақпараттар мен материалдарға, әсіресе әлеуметтік, рухани және моральдық әл-ауқатқа, сондай-ақ баланың сау физикалық және психикалық дамуына ықпал етуге бағытталған осындай материалдар мен ақпаратқа

қол жеткізуін қамтамасыз етеді», - деп көрсетілген. Сондай-ақ, «Бала құқықтары туралы» Конвенцияда қатысушы мемлекеттер баланы оның әл-ауқатына зиян келтіретін ақпарат пен материалдардан қорғаудың тиісті қағидаттарын әзірлеуді көтермелейтіні бекітілген [2].

Мобильді Интернетті дамыту арқылы әлеуметтік желілер ел халқының кем дегенде жартысы, негізінен жастар үшін негізгі ақпарат көзіне айналды (2021 жылғы әлеуметтік зерттеулердің, яғни респонденттердің 45,2%-ы ақпаратты әлеуметтік медиадан алуды таңдайтынын көрсетті). Медиа кеңістікте әртүрлі манипуляторлық технологияларды қолдана отырып арандатушылық және дискредитивтік контент таралу қаупі балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңыздылығын көрсетеді, өйткені жасына байланысты балалар ұсынған ақпараттың нақты сапасын тану қабілетіне ие бола алмайтындықтан, заңсыз, этикалық емес, сенімсіз және зиянды болу қаупін көрмейді және мүмкін болатын тәуекелдерді түсінбейді, оларда әлі де айырмашылық жіктері қалыптаспаған. Балалардың құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттің құзыреті болып табылады, өйткені ол жалпыға бірдей міндетті тыйымдарды, оның ішінде әртүрлі сипаттағы зиянды ақпаратты таратуға тыйым салуды белгілейді.

Ақпараттық қауіпсіздік — бұл мемлекеттік, қоғамдық және мүдделер арасындағы нақты қатынасты орнату, ақпараттық құқықтарды жүзеге асыру және мемлекеттік басқару органдарының тіршілік әрекетінің ақпараттық кеңістігіне басып кіруін талап ететін көп қырлы мәселе. Ақпараттық қауіпсіздікті талқылауда, ғылыми дереккөздерде бұл ұғымның мазмұнды толуы туралы бірыңғай түсінік жоқ екенін атап өткен жөн [3; 147]. Т.А. Полякованың пікірі бойынша «..ақпараттық қауіпсіздік — бұл ақпараттық кеңістіктегі мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидатына сәйкес келетін ішкі және сыртқы сипаттағы қауіптерден адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделерінің тепе-теңдігіне негізделген ақпараттық кеңістіктегі елдің мемлекеттік мүдделерінің қорғалу жағдайы» [4; 11]. И.Л. Бачило «Ақпараттық құқық құрылымдағы ақпараттық қауіпсіздік сияқты институттың мәні мемлекетті, жекелеген мекемелердің және әрбір жеке тұлғаның ақпараттық-коммуникациялық жиынтығының жай-күйін қамтамасыз ететін құқықтық, ұйымдастырушылық, техникалық шараларды жүзеге асыру болып табылады», – деп тұжырымдайды [5; 81]. Профессор А.И. Алексеев «ақпараттық қауіпсіздік» және «зиянды ақпараттан қорғау» ұғымдарының арақатынасын егжей-тегжейлі қарастырды, оның пікірінше, зиянды ақпараттан қорғау қауіпсіздіктің үш компонентінің бірі болып табылады. Ақпараттық қауіпсіздік ақпараттық қатынастар субъектілерінің ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруды, ақпараттың қауіпсіздігін, сондай-ақ субъектілерді теріс ақпараттық әсерден қорғауды қамтамасыз етеді. Автордың бұл тұжырымымен келіспеуге болмайды. Өйткені субъектінің, берілген жағдайда баланың ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі компоненттерін барынша толық ұсынған [6; 12].

Ақпараттық қауіпсіздікті нормативтік қамтамасыз ету жүйесі тұрақты дамуда, жаңа нормативтік актілер қабылдануда, өйткені жалпы сипаттағы қолданыстағы құқықтық нормалар қарастырылып отырған саладағы, әсіресе балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы құқықтық қатынастарды реттеуді толық қамтамасыз ете алмайды. Ақпараттық заңнама Қазақстан Республикасының қарауына жатқызылды, ақпараттық технологияларды қолдану саласындағы мемлекеттік реттеудің мазмұны «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418–V Қазақстан Республикасы Заңының қолданыстағы редакциясына сәйкес балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді дербес ұстаным ретінде көздейді [7]. Елімізде ақпараттық қауіпсіздігі мәселесін шешу мақсатында Президент Қ.-Ж. Тоқаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының ақпараттық доктринасы қабылданды.

Ақпараттық доктрина елдің ақпараттық қауіпсіздігін адамның, мемлекеттің жеке тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтары, тәуелсіздігі, азаматтар арасында отандық медиа өнімдердің бәсекеге қабілеттілігі мен сұранысын арттыруды жүзеге асыратын ішкі және сыртқы сипаттағы ақпараттық қатерлерден қорғалу жағдайы ретінде қарастырады [1]. Осы құжаттың тұжырымдамасын ескере отырып, балаларға ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қажетті көңіл бөлмейді деп санаймыз, өйткені қорғауға жататын заңды мүдделер тізімін, жоғарыда аталған субъектілердің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралдары мен күштерін, ең маңызды қауіптерді және т.б. анықтау қажет болады. Бала — бұл құқық субъектісі, жеке тұлға, қоғам мүшесі, сәйкесінше баланың ақпараттық саладағы мүдделерін қорғау объектісі ретінде қарау керек. Бұл маңызды міндетке 2018 жылы қабылданған «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қол жеткізуге қызмет етеді, ол ақпараттық кеңістіктегі балалардың ақпараттық қауіпсіздігінің негіздерін қамтамасыз етудің ең

маңызды бастапқы нүктесі болды. Аталған құжатта «балалардың ақпараттық қауіпсіздігі», «балаларды олардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау», «балалардың ақпаратқа қол жеткізуі» сияқты анықтамалар бекітілді, балаларға тыйым салынған контенттің тізбесі бекітілді, ақпараттық өнімдер үшін жас шектеулері белгіленді.

2018 жылғы 2 шілдедегі № 169 «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабында «Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі — балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін олардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғауды қамтамасыз ету» деп көрсетілген. Демек 1-бапқа сәйкес балалардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау балалардың ақпараттық қауіпсіздігі мақсатында жүргізілетін құқықтық, ұйымдастырушылық, техникалық және басқа да шаралар жиынтығы берілген. Сондай-ақ, балалардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттың екі түрі және белгілі бір жас санатындағы балалар арасында таралуы шектеулі ақпарат анықталды [8]. Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі мәселелерін құқықтық реттеу тұрғысынан оларды қорғауға құқығы, ата-аналардың немесе балалардың басқа да заңды өкілдерінің қорғау жөніндегі міндеттері, жоғарыда аталған нормативтік құқықтық акт, біздің ойымызша, ең мағыналы болуы керек. Заң нормаларын жүйелі талдау ата-аналардың немесе балалардың басқа да заңды өкілдерінің міндеттерін, сондай-ақ ақпараттық өнімді өндірушілердің міндеттерін анықтауға мүмкіндік бермейді.

Ақпараттық кеңістікте балаларды қорғау саясатын қалыптастыру мақсатында «Балалардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ақпараттық өнімнің балалардың белгілі бір жас топтарын (6, 12, 16) қабылдауына жол берілуі туралы ақпараттық белгілер қолданылады. Бірақ, біздің ойымызша, бұл әсер балалардың білім беру мекемесінде немесе үйде ата-ана немесе педагогикалық бақылау болған кезде ақпаратқа қол жетімділігін ескере отырып мүмкін болады. Әсіресе гаджеттердің, мобильді құрылғылардың кең таралуын ескерсек, жоғарыда аталған нормаларды іске асыру тиімділігі төмен. Барлық ата-аналар балаға қандай да бір теріс ақпараттың әсер ету дәрежесін түсінбейді, тиісінше, балалардың ақпараттық тәуелділігінің пайда болу фактілеріне қарамастан, оны шектеу бойынша шаралар қабылданбайды. Интернет отбасы, мектеп сияқты дәстүрлі институттарды алмастыра отырып, өскелең ұрпақты әлеуметтендірудің, білім берудің және ағартудың маңызды институтына айналды, баланың телекоммуникациялық байланысқа басымдығы пайда болды. Алайда, баланың «ақпараттық» тәуелділігі бар деп ата-аналарды кінәләу біздің ойымызша әділетсіз болып көрінеді. «Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тек белгілі бір отбасының анықтаушы рөлі бар кездегі мемлекеттік және қоғамдық әсер ету кезінде ғана мүмкін» деген идея даулы болып келеді. Көптеген отбасылар заңнамамен тағайындалған «анықтаушы» рөлді ұйымдастырушылық немесе уақыт ресурстарына да ие емес. Тыйым салуды, шектеулерді белгілеуде, мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыруда басым рөл мемлекетке тиесілі болса да, ата-ана бақылауын орнату міндеті (және оны ұйымдастырудың күрделілігі операторға байланысты) отбасына жүктелген сияқты [9; 71].

Балалардың бақыланбайтын коммуникацияларды пайдалануының және оның психикалық денсаулығы мен әл-ауқатына қауіп төндіретін тыйым салынған мазмұнға қол жеткізудің онлайн-тәуекелдері жасөспірімдердің суицид қаупін арттыратын материалдарға қол жеткізу; секталарға, терроризмге қатысу қаупі; киберқауіпсіздік (кибербуллинг); Интернет-маркетинг пен алаяқтық мәмілелерге байланысты тәуекелдер; дербес деректердің құпиялылығына байланысты тәуекелдер болып табылады, соның ішінде әлеуметтік желілерді ықтимал салдарларды білмей пайдалану және т.б. Онлайн-тәуекелдер төрт түрге бөлінеді: контенттік, коммуникативті, техникалық және тұтынушылық. Контенттік тәуекелдермен кез келген жерде тап болу ықтималдығы жоғары: әлеуметтік желілерде, блогтарда, торрент-сайттарда, жеке деректері бар парақшалар және видеопарақшаларында. Контенттік тәуекелдердің ішінде ең көп тарағандары: зорлық-зомбылық, қатыгездік немесе кісі өлтіру туралы сексуалдық бейнелер мен ақпарат. Ал коммуникативті тәуекелдерге блогтар, форумдар, танысу сайттары, әлеуметтік желілер, (ICQ, Gooletalk, Skype), онлайн мессенджерлерде және чаттарда сөйлесуде тап болуы мүмкін. Тұтынушылық тәуекелдер көбінесе сапасы төмен тауарларды сатып алу, әртүрлі жалған өнімдер, контрафактілі және жалған өнімдерді сатып алу, тауар немесе қызметке қол жеткізбестен ақшаны жоғалту, алаяқтық мақсатында жеке ақпаратты ұрлаудан тұрады. Техникалық тәуекелдер компьютердің бағдарламалық жасақтамасына, онда сақталған ақпаратқа, оның құпиялылығын бұзуға немесе зиянды бағдарламалар арқылы ақпаратты ұрлауға қауіп төндіретін мүмкіндіктермен анықталады [10; 21].

Біздің еліміздегі балалардың қауіпсіздігіне кері әсер етуі мүмкін ең өзекті қауіптерді қарастырған жөн. Коммуникациялық қауіптердің ішінде киберқорқыту көш бастап тұр. Өткен жылы жасөспірімдерді әлеуметтік желіде қорлаған, жәбірлеген немесе қудалауға тап болған ақпарат тарайды. Баланы жәбірлеу (буллинг) — қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер, сол сияқты жария түрде немесе бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) телекоммуникация желілерін пайдалана отырып жасалған дәл сол әрекеттер (кибербуллинг) [11]. Кибербуллинг үрдісінде психикалық зорлық-зомбылықтың барлық түрлері қолданылады, мысалы, кісі өлтіру қаупі, жәбірленушіге немесе оның туыстарына қатысты зорлық-зомбылық, олардың ақпаратын, аудио және бейнематериалдарды немесе жәбірленушіге жария етуді қаламайтын басқа деректерді тарату, бопсалау, жала жабу және т.б.

Жоғарыда атап өткеніміздей, пайдаланушылардың ең белсенді бөлігі ретінде қорлауға ең осал кәметке толмаған балалар. Бұл балалар мен жасөспірімдердің психологиялық және эмоционалдық жағдайына қатты әсер етуі мүмкін. Мамандардың айтуы бойынша, елдегі әрбір бесінші бала кибербуллингтің құрбаны болған. Сауалнамаға қатысқан 11-15 жас аралығындағы оқушылардың 17 пайызы бір айдан астам уақыт бойы мектепте буллингке ұшырады, ал 20 пайызға жуығы қудалауға қатысты. Буллингке көбінесе қала мектептерінде оқитын 11-13 жас аралығындағы ұл балалар ұшырайды. Кибербуллингтің қауіптілігі — бұл жастар арасындағы суицид деңгейінің көбеюіне ықпал етуі мүмкін. Соңғы онжылдықта жастар арасындағы суицид деңгейінің күрт өсуі байқалады. Ұлттық денсаулық статистикасы орталығы (NCHS) 2020 жылы АҚШ-тың 10 мен 34 жас аралығындағы тұрғындарының өлімінің екінші негізгі себебі суицид екенін анықтады [12; 88]. Қазіргі қазақстандық қоғамның өзекті мәселелерінің бірі — балалар мен жасөспірімдер арасындағы аутоагрессивті мінез-құлық пен суицид. Республикадағы балалар ортасында бұл құбылыстың жиілігі тұрақты жоғары: 2020 жылы — 144 дерек (307 — оқталу дерегі), 2021 жылы — 175 факті (373 — оқталу дерегі), 2022 жылы — 155 факт (309 — оқталу дерегі), 2023 жылдың 6 айында — 95 факті (207 — оқталу дерегі) [13]. Елімізде өз-өзіне қол жұмсауға бейім балаларды, олардың психоэмоционалды жағдайын және олармен жұмыс істейтін мамандардың біліктілігін арттыру мәселесі өткір тұр. Виртуалды ортада зиянды ақпаратты тарату арқылы жеке адамға зиян келтіретін әрекеттердің заңсыздығы мен азғындық деректердің шекаралары шартты болып табылады және бұл сала заңнамалық тұрғыдан жергілікті түрде реттелмеген күйінде қалады. Сондай-ақ, Қазақстанда кибербуллингке байланысты зерттеулердің жеткілікті саны жоқ, бұл мәселенің ауқымын түсінуді және онымен күресудің тиімді стратегияларын әзірлеуді қиындатады. Қазіргі уақытта кибербуллинг үшін жауапкершілік жоқ, өйткені бұл түсінік күрделі термин, яғни қылмыстың көптеген түрлерін: бопсалау, қорқыту, өзін-өзі өлтіруді қамтиды. Қазақстанның құқықтық тәжірибесінде бұл әлеуметтік құбылыс бар, бірақ бірақ ол үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің жекеленген бабы көзделмеген. Қорқытудың талданатын түріне қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бабын, қате түсініктемелерді, жазбаларды әлеуметтік желілердегі жарияланымдар үшін диспозиция ретінде қарастыруға болады. Мысалы, бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып, қорлағаны үшін қылмыстық қудалау Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 131-бабында, ал жала жапқаны үшін әкімшілік жауапкершілік 73-3-бапта және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте көзделген. Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте баптардың болуына қарамастан, оларға жеке шағымдар іс жүзінде азаматтық сот ісін жүргізу қағидалары бойынша қаралады. Осы баптар бойынша ақталғаннан немесе істі тоқтатқаннан кейін жекелеген айыптаушылар мен олардың қорғаушылары ұқсас азаматтық істер бойынша талапкер болады және соттардың бұл дауды қайта қарауына әкеледі. Жеке айыптау статистикасы бұл әрекеттерді жасауға қылмыстық тыйым салудың мүлдем тиімсіз екенін көрсетеді. Шағымдардың аз ғана бөлігі сотқа жетеді, олардың ішінен он шақтысына ғана үкім шығарады. Елде жыл сайын «өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу» бабы бойынша 500-ге жуық іс тіркеледі және олардың тек 1%-ы сотқа дейін жетеді. Осы баптар бойынша қаулылар аз мөлшерде ғана қабылданады [12; 89].

Бұл деректердің барлығы Интернетті бақылаусыз пайдаланудан туындаған әртүрлі қауіп-қатерлерге байланысты балаларға, жасөспірімдерге, сондай-ақ олардың ата-аналарына бағытталған бірқатар шараларды әзірлеу мен жүзеге асырудың маңыздылығы мен қажеттілігін көрсетеді. Республикадағы мемлекеттік билік органдарының бірқатар есеп беру құжаттарын талдау осы бағытта жұмыс жүргізіліп жатқанын анықтайды. Осылайша, мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша

балаларды зорлық-зомбылықтан, суицидтің алдын алудан қорғау және олардың құқықтары мен күш-жігерін қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді, онда балалардың зорлық-зомбылықтан, қорқытудан және қатігездіктен қорғау құқығын іске асыруға арналған бөлім бар [13]. Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау саласында жүйелі мәселелер байқалады, олардың бірі білім беру ұйымдарында қорқытудың алдын алудың кешенді бағдарламаларының болмауы. Мектептегі жеке қарым-қатынастан кейін жиі пайда болатын кибербуллинг ауқымды зиян келтіруі мүмкін, өйткені ол жәбірленуші балаға кез келген уақытта әсер етіп, кең аудиторияға тез жетуі мүмкін. Сонымен қатар, технология кибербуллинг қаупінің ұзақтығын арттыруға ықпал етеді, өйткені хабарламалар ұзақ уақыт бойы жарияланып, көшірілуі мүмкін. Офлайн кеңістікте жәбірлеу және кибербуллинг зиянды мінез-құлық үлгілерінің қатал циклін қалыптастыру арқылы бір-бірін азықтандырады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында қысқа мерзімді шаралар ретінде білім беру ұйымдарында жәбірленудің (буллингтің) алдын алу жөніндегі бағдарламаны (финдік Kiya бағдарламасының тәжірибесі бойынша) әзірлеу және бекіту жоспарлануда [13]. Мемлекеттің кейбір мектептерінде мектеп әкімшілігінен, мұғалімдер ұжымынан, ата-аналар комитетінің өкілдерінен, психологтан және белсенді оқушылардан тұратын буллингке қарсы комитеттер құрыла бастады. Бұл бірлестіктің негізгі мақсаты — буллингтен қауіпсіз ортаны қалыптастыру, туындаған кезде балаларға олардың проблемаларын шешу әдістерін үйрету, ақпараттық үгіт жүргізу және қудалау фактілері бойынша өтініштерді қарау және жедел әрекет ету [12; 91].

Балалардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттың келесі түрі порнографиялық сипаттағы ақпаратпен байланысты, сондай-ақ қазіргі уақытта біздің балалар есірткі, темекі шегу немесе алкогольді насихаттаумен, зиянды бағдарламалармен және Бүкіләлемдік жүйедегі алаяқтықпен, сондай-ақ олардың әлеуметтік желілердегі жеке ақпараты оларға қарсы қолданылуымен бетпе-бет келеді. Балалар мен жасөспірімдердің «ВКонтакте», «Facebook» әлеуметтік желілеріне жаппай қосылуын көптеген ыңғайлы қызметтердің болуымен түсіндіруге болады, бірақ цензураның болмауы және жазасыздық көбінесе жағымсыз, кейде кездері қайғылы оқиғаларға әкеледі. Мұндай желілер заманауи контекстік жарнама жүйелерімен жабдықталған, олардың көмегімен жастарға қауіпті ойлар мен идеяларды оңай енгізуге болады, өйткені мұндай жарнамаға тек порнография ғана емес, сонымен қатар алкогольді насихаттау, сондай-ақ зорлық-зомбылық тудыратын ойындар енгізіледі. Жастарды қызықтыруы мүмкін әлеуметтік ресурстарда жаңа әлеуметтік бағдарламалық жобаларды іске қосу арқылы ұйымдастыруда жасөспірімдердің тұрақсыз психикасына максималды психологиялық әсерге қол жеткізуге тырысады, көбінесе жастар жаргондарын, балағат сөздерді, нәсілшілдікке, ксенофобияға және ұлттық төзімсіздікке жасырын және айқын шақыруларды қолданады [14; 26]. «Өлім топтарын», яғни жасөспірімдерді суицидке итермелейтін әлеуметтік желілердегі қауымдастықтарды атап өткен жөн. «Өлім топтары» деректерінің бірнеше атаулары бар мысалы, әйгілі «Синий кит», «Новый путь», «Тихий дом» және суицидтік контентке ие өзге де топтар.

Ресей Федерациясында байланыс және Интернет саласын қадағалайтын Роскомнадзор мемлекеттік қадағалау органы бар. Аталған орган мемлекеттің өз аумағында желідегі сайттарға үнемі мониторинг жүргізіп, олардың қызметін тексеріп отырады. Бұл бөлімнің қызметкерлері кез келген сайтты, тіпті оның жұмысы Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес келмесе бұғаттай алады. Сондықтан кез келген сайт иесі өзінің ресурсына мемлекет тарапынан «тыйым салынуы» мүмкін екенін білуі керек. Содан кейін бұл деректер тыйым салынған ақпараттың бірыңғай тізіліміне енгізіледі. Сондай-ақ, әлеуметтік желілердің мониторингіне психолог мамандары қатысады, олар қиын психологиялық жағдайға тап болған жасөспірімдерге қолдау көрсетеді [15]. Балалардың психологиясына әсер ететін «ойындардың» кең таралуына байланысты 2017 жылы Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің «Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу» және 110.1 «Өз-өзіне қол жұмсауға итермелеу немесе өз-өзіне қол жұмсауға ықпал ету» деген 110-бабына өзгертулер енгізілді. Осы баптарға сәйкес аталған қылмыстарды заң шығарушы ауыр қылмыстар санатына жатқызады және іс жүзінде қоғамдық қауіптілік дәрежесі бойынша қасақана өлтіруге теңестірді [16; 112].

Балалардың ақпараттық қауіпсіздігінің өзекті мәселелерінің бірі — наркотикалық және психотроптық (немесе ақымақтық) құралдарды қолдануға итермелейтін ақпарат. Ынталандырушы фактор ретінде: «бәрі сияқты болуға» ұмтылу, сенімділік сезімін ояту, мүмкін қызығушылық болуы мүмкін.

Қазіргі жағдайда құқық қорғау органдарының қызметіндегі өзекті мәселелердің бірі — ғаламдық желі арқылы есірткі құралдарының таралуына қарсы күрес. Есірткі бизнесіне қарсы күрестің

тиімділігін арттыру үшін Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2025 жылға дейін Кешенді жоспар әзірленді. Оның негізгі мақсаттары есірткінің аса қауіпті түрлерінің, оның ішінде синтетикалық түрлерінің айналымын төмендету, есірткіге тәуелділерді ерте анықтау және есепке алу жүйесін енгізу, уәкілетті органдардың құзыретін арттыру және материалдық-техникалық базасын нығайту. Интернет желісінде деструктивті материалдарды анықтау бойынша орталық, жергілікті, мемлекеттік және құқық қорғау органдары арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіруді қамтамасыз ету үшін «Кибернадзор» ақпараттық жүйесі іске қосылды. Атап айтқанда, бұл заманауи аппараттық-бағдарламалық жабдық әлеуметтік желілер мен веб-сайттар арқылы есірткінің таралу деректерін анықтауды автоматтандыруға мүмкіндік береді, ал жүйе онлайн режимде электрондық дүкендерді бұғаттауды қамтамасыз етеді [17]. Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасын талдау «есірткі, психотроптық заттарды немесе сол тектестерді, прекурсорларды насихаттау немесе заңсыз жарнамалау» Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 299-1-бабына сәйкес қылмыс үшін жауапкершілік біздің ойымызша, жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесіне сәйкес келмейді деген қорытындыға келеміз [18]. Қылмыстық саясатты жеңілдету бағытында өзгерту зиянды ақпаратты тарататын адамдарға жауапкершіліктен бас тартуға мүмкіндік береді. Салдардың қауіптілігін ескере, мүлікті тәркілей отырып, үш жылдан он жылға дейінгі бас бостандығынан айыру мерзімдерін қайта қарау орынды болып көрінеді. Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында Қазақстан Республикасының заңнамасы әлемнің бірқатар жетекші елдерінен (АҚШ, Канада, Германия, Ұлыбритания, Нидерланды, Дания, Жапония және т.б.) артта қалып отыр.

Еуропа елдерінде 2012 жылы «Балаларға арналған ең жақсы Интернетті қалыптастырудың Еуропалық стратегиясы» қабылданды. Оны ұялы байланыс операторлары, ұялы телефон өндірушілері және әлеуметтік медиа провайдерлері қабылдады, олар барлық мүдделі тараптардың күш-жігерін келесі мәселелерді шешуге бағыттауды ұсынды:

– Интернетте жағымды контент құру (бұл ең алдымен, балаларға желідегі жұмыс туралы жағымды түсінік қалыптастыруға мүмкіндік беретін шығармашылық және білім беру ресурстары туралы);

– халықтың Интернет сауаттылығын арттыру: азаматтарды онлайн-қауіпсіздік негіздеріне оқыту, барлық еуропалық мектептерде тиісті сабақтар өткізу;

– контентті таңбалауды және жас параметрлерін енгізу арқылы қауіпсіз Интернет ортасын қалыптастыру; ата-ана бақылауының мүмкіндіктерін кеңейту;

– балаларға жыныстық зорлық-зомбылық және оларды жыныстық қанау көріністері бар материалдармен күресу [19; 88].

Ірі Интернет-компаниялар, Apple, Facebook, Google, Microsoft, Blackberry және т.б. сияқты жаһандық нарық көшбасшылары (31 компания) балаларға арналған ең жақсы Интернетті құру коалициясына бірікті (CEO Coalition to make a Better Internet for Kids), бұл бүкіл әлемдегі балалар үшін қауіпсіз Интернет ортасын қалыптастыру саласындағы негізгі шешімдерді әзірлеуге түрткі болды. Балалардың мүдделерін қорғайтын экономикалық емес ұйымдардың өкілдерімен, заңгерлермен және ғылыми қоғамдастықпен өз ұсыныстарын талқылау арқылы жұмыс істеудің бес бағыты анықталды:

– балалар үшін қауіпті контентке шағымдануға мүмкіндік беретін қарапайым, бірақ сенімді құралдарды жасау: кез келген құрылғыда қарапайым және пайдаланушыларға көрінетін шағым беру мүмкіндігі балаларға қауіпті материалдарды тез анықтауға және тиісті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді;

– пайдаланушының жасына сәйкес келетін қауіпсіздік параметрлері: әдеттегідей есептік жазбаны әртүрлі жас топтарының қажеттіліктеріне сәйкес келтіретін параметрлер, мысалы, берілген пайдаланушы туралы ақпарат, оның контактілері мен фотосуреттері кез келген адамға немесе тек тар шеңберге қол жетімді болатындығын анықтайтын параметрлер;

– Интернет-контент классификациясын енгізу: желіде орналастырылған ақпараттық өнімдердің әртүрлі түрлеріне сәйкес келетін және сонымен бірге ата-аналарға түсінікті болатын контенттің жас таңбалауын пысықтау;

– ата-аналық бақылау қызметін біріктіру, оның мүмкіндіктерін кеңейту: қызмет неғұрлым ыңғайлы және түсінікті болса, соғұрлым тезірек пайдаланушылар оны игере бастайды;

– балаларға жыныстық зорлық-зомбылық материалдарын жою: Интернеттен балаларға жыныстық зорлық-зомбылық материалдарын жоюға ұмтылу, осы мәселелер бойынша құқық қорғау органдарымен және сенім телефондарымен белсенді жұмыс істеу [19; 89].

Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін құқықтық реттеудің шетелдік тәжірибесін талдау жалпы тенденцияларды ғана емес, сонымен қатар әртүрлі тәсілдерді де көрсетеді. Мәселен, АҚШ-та балалардың қатысуымен ақпарат өндіруді көздейтін балалар домендік аймағы — kids.us. жұмыс істейді. Канадада бейне өнімдерінің жас классификациялық жүйесі бар және провинциялық жүйелерде әртүрлі болуы мүмкін. Балаларға қауіпті деп танылған контентке: зорлық-зомбылық, жалаңаштық, эротика, жаман сөз, қорқыныш, қатыгездік, қорқыту көріністері, дөрекі (тұрпайы, балағат) сөйлеу болып саналады. Германияда кәмелетке толмағандарды ақпараттың деструктивті әсерінен қорғау жүйесінде зорлық-зомбылықты дәріптейтін, садизммен, гомосексуализммен және педофилиямен порнографияны көрсететін ақпараттық өнімдерді өндіру, тарату және әкелу; кәмелетке толмағандарға порнографиялық материалдарды сату немесе мұндай материалдарды кәмелетке толмағандар үшін қолжетімді жерлерде жариялау үшін жауапкершілік, жанжалды шешудің негізгі құралы ретінде насихатталған, ауқымды түрде көрсетілген зорлық-зомбылық, кісі өлтіру және қатыгездік зиянды болып саналады. Ұлыбританияда әр түрлі жас классификациясындағы ақпараттық өнімдер үшін дифференциалды эфир уақыты қолданылады. Алкоголь, есірткі, темекі шегуді ынталандыратын, зорлық-зомбылық (әсіресе отбасылық), балағат сөздер, жыныстық қатынас пен жалаңаш денені көрсететін әдепсіз мазмұны бар ақпараттық өнімдер балалар үшін қауіпті болып саналады. Мұндай шектеулер тіпті апаттар мен шабуылдарды бейнелеу сияқты белгілі бір мазмұнды көрсетуге рұқсат етілмеген уақытта эфирге шығатын жаңалықтар бағдарламаларына қатысты қолданылады. Тиісті бейне сериясы бар жаңалықтардың толық нұсқасы кешкі уақытта, яғни сағат 21.00-ден кейін таратылады. Франция елінде сағат 22.30-ға дейін телеэфирде және радиоэфирде, сағат 20.30-ға дейін жарнамаларда эротикалық және зорлық-зомбылықты құрайтын ақпараттық өнімді көрсетуге тыйым салынған. Осы мемлекетте теледидардағы балалар мен жасөспірімдердің сезімдерін қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган жоғары аудиалды кеңесі қызмет етеді. Киноөнімдерге жас шектеулері белгіленген. Нидерландының «Кейквейзер» аудиовизуалды өнімді таңбалау жүйесін құру, ол бес жас маркерлерінің жиынтығы және олармен бірге жүретін алты контент сипаттамасы: қорқыныш, зорлық-зомбылық, эротика, есірткіні (алкогольді) теріс пайдалану, ұрысу, кемсітушіліктен тұратын тәжірибесі. Егер жағымсыз ақпарат кездесе, ақпаратты тұтынушы арнайы телефон нөмірі арқылы шағым бере алады [10; 38]. Қытайдағы Интернет қолданушылар балаларын қорғаудың ең маңызды әдісіне кәмелетке толмағандардың хабардарлығы мен дағдыларын арттыру болып табылады. ҚХР-да 2016 жылы киберқауіпсіздік туралы арнайы заң қабылданды («Cybersecurity Law of the People's Republic of China»), бұл Интернет желісінде балалардың физикалық және психикалық денсаулығына қауіп төндіретіндердің қызметін заңды түрде тоқтатуға мүмкіндік береді [20; 54].

Балалар қауіпсіздігі бойынша ТМД елдерінің заңнамасы дамуда. Сонымен, «Кәмелетке толмағандарды зиянды әсерден қорғау туралы» арнайы заң Грузияда қолданылады және балаларды кино, видео, телефильмдер мен баспа өнімдерін көрсетуге байланысты зиянды әсерден қорғауды реттейді. Литва Республикасының «Кәмелетке толмағандарды қоғамдық ақпараттың теріс әсерінен қорғау туралы» Заңына сәйкес балаларды кәмелетке толмағандардың физикалық, рухани және адамгершілік дамуына теріс әсер ететін қоғамдық ақпараттан қорғау шаралары айқындалған, Украинаның «Қоғамдық моральды қорғау туралы» Заңында балаларды жыныстық немесе эротикалық сипаттағы өнімдердің теріс әсерінен қорғаудың арнайы шаралары бар.

Қорытынды

Осылайша, қорытындылай келе, қазіргі қоғамның алдында азаматтардың қазіргі шындықтың ажырамас бөлігі ретінде виртуалды кеңістіктегі теріс ақпараттық әсерден қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ерекше міндеті тұрғанын атап өтуге болады.

Өскелең ұрпақ физикалық, психологиялық және әлеуметтік жетілмегендіктен ең осал ретінде күшейтілген қорғауды талап етеді. Сондықтан балалар бірінші кезекте теріс ақпараттық әсерден қорғауды қажет етеді. Қазақстан Республикасында балалардың ақпараттық қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру мақсатында мынадай ұсынымыз бар:

– балалардың теріс ақпаратқа қол жеткізуін шектеу мақсатында ғаламдық желідегі сайттың шектеулі жиынтығына Интернет-қолжетімділік қызметтерін ұсыну қажет, баланың білім беру және ойын-сауық қажеттіліктері үшін қауіпсіз Интернет-сервистердің санын көбейту керек деп санаймыз;

– Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтау тұрғысынан Интернет-ресурстарға, оның ішінде әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу, себебі бұл баланың рухани және адамгершілік дамуына зиян келтіретін ақпараттың таралуына қарсы тұру құралдарының бірі болып табылады. Қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа және суицидке табынуды насихаттайтын материалдардың негізгі бөлігі «ВКонтакте», «Mail.ru», «Facebook» және т.б. әлеуметтік желілерінде таратылғандықтан, балалар мен жасөспірімдер үшін қауіпсіз ортаға ықпал ететін саясаттар мен стандарттарды енгізу үшін алдын алу жұмыс жүргізіп, онлайн-платформа иелерімен ынтымақтастық орынды деп санаймыз;

– ақпараттық ортаның жағымсыз әсерінен балаларға көмек пен кеңес ала алатын психологиялық орталықтар мен сенім телефондарын құру;

– ата-аналар балаларының желідегі белсенділігін қадағалап, оларды дұрыс іс-әрекеттерге үйрете алатындай, балалардың Интернет-технологияларды қауіпсіз пайдалануы мәселелері бойынша алдын алуға әңгімелер жүргізе алатындай ата-аналар семинарлары мен ақпараттық қауіпсіздік курстарын өткізу;

– жеке деректерді қорғауды және теріс әсерлердің алдын алуды қамтамасыз ететін қауіпсіз балалар қосымшалары мен онлайн-құралдарын әзірлеуді қолдау және ынталандыру (баланың Интернет желісіндегі іс-әрекеттерін талдауға мүмкіндік беретін «ата-ана бақылауы» бағдарламасының түрі бойынша);

– балалардың мүддесі үшін қабылданған шаралар мен басқару шешімдерінің нақты тиімділігіне сүйене отырып, қолданыстағы заңнама мен құқық қолдану тәжірибесіне тұрақты мониторинг жүргізу.

Жоғарыда аталған шараларды іске асыру жиынтығында Қазақстан Республикасында балалар үшін неғұрлым қауіпсіз ақпараттық орта құруға ықпал етуі мүмкін деп санаймыз. Сондай-ақ, ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуын және осы бағыттағы қауіптердің тұрақты эволюциясын ескере отырып, мемлекеттік органдарда балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында қосымша шаралар бойынша жұмыс жүргізілуі қажет.

Әдебиеттер тізімі

1 «Қазақстан Республикасының Ақпараттық доктринасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 145 Жарлығы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://akorda.kz/ru/ob-utverzhdenii-informacionnoy-doktriny-respubliki-kazahstan-2025248>

2 «Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_

3 Белякова Е.Г. Информационная культура и информационная безопасность школьников / Е.Г. Белякова, Э.В. Загвязинская, А.И. Березенцева // Образование и наука. — 2017. — Т.19. № 8. — С. 147–162; Гольяпина И.Ю. Нормативно-правовое обеспечение информационной безопасности детей / И.Ю. Гольяпина, Д.Ф. Мухаметова // Инновационная экономика и общество. — 2017. — № 3 (17). — С. 71–79; Дадаева М.С. Государственная система кибербезопасности и предупреждение экстремизма среди несовершеннолетних / М.С. Дадаева // Современные научные исследования и разработки. — 2018. — Т. 1, № 5 (22). — С.183–185.

4 Полякова Т.А. Правовое обеспечение информационной безопасности при построении информационного общества в России: автореф. дис. ... д-ра юрид. наук / Т.А. Полякова. — М., 2008. — 38 с.

5 Бачило И.Л. Информационное право: учеб. для академического бакалавриата / И.Л. Бачило. — 5-е изд., перераб. и доп. — М.: Изд-во «Юрайт», 2017. — 398 с.

6 Алексенцев А.И. Сущность и соотношение понятий «защита информации», «безопасность информации», «информационная безопасность» / А.И. Алексенцев // Безопасность информационных технологий, 1999. — № 1. — С. 12–19.

7 «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V Заңы (2023.10.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37847228#activate_doc=2

8 «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000169>

- 9 Гольяпина И.Ю. Нормативно-правовое обеспечение информационной безопасности детей / И.Ю. Гольяпина, Д.Ф. Мухаметова // Инновационная экономика и общество. — 2017. — № 3 (17). — С. 71–79.
- 10 Дети в информационном обществе: инф.-метод. пос. — Нур-Султан: Изд-во ИП «БиКА», 2019. — 66 с.
- 11 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51032460#activate_doc=2
- 12 Күмісбеков С.К. Қазіргі кезеңдегі кибербуллингтің алдын алу мәселелері / С.К. Күмісбеков, С.М. Сабитов, М.Т. Акимжанова // Қарағанды университетінің хабаршысы. — 2022. — № 1(105). — Б. 85-95.
- 13 «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000748>
- 14 Дубов С.С. Информационная безопасность ребенка в цифровом пространстве Российской Федерации / С.С. Дубов, В.В. Линьков, М.А. Карбаинова // Росс. технол. журн. — 2019. — № 7(4). — С. 21–30.
- 15 «Синий кит» вернулся в новом обличье. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://iz.ru/697537/anzhelina-grigorian-vladimir-zykov/sinii-kit-vernulsia-v-novom-obliche>
- 16 Иксанов Р.А. Информационная безопасность ребенка в сети Интернет / Р.А. Иксанов, З.И. Бикамова, Ю.Р. Гимазетдинова // Междунар. журн. гуманитар. и строит. наук. — 2018. — № 5. — С. 111–114.
- 17 «Кибернадзор» обеспечит блокировку продажи наркотиков в Интернете. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://el.kz/ru/kibernadzor-obspechit-blokirovku-prodazhi-narkotikov-v-internete_67786/
- 18 Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (2023.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575294#activate_doc=2
- 19 Шпагина Е.М. Информационная безопасность в контексте защиты прав детей в Российской Федерации / Е.М. Шпагина // Психология и право. — 2016. — Т. 6. № 4. — С. 86–94.
- 20 Остроушко А.В. Защита информационной безопасности несовершеннолетних в КНР / А.В. Остроушко, А.А. Букалеров, С.А. Букалеров // Legal Bulletin. — 2018. — Т. 3. № 1, 2. — С. 53–58.

М.Т. Акимжанова, Г.А. Ильясова

Вопросы обеспечения информационной безопасности ребенка в цифровом пространстве Республики Казахстан

Стремительное развитие Интернет-технологий повлекло резкое увеличение количества пользователей всех возрастов, в том числе и детей, которые являются потребителями различной, в том числе и деструктивной информации. Современные мировые тенденции сегодня сигнализируют о возникновении новых форматов угроз и онлайн-рисков. Дети являются активными пользователями глобальной сети Интернет, причем большинство из них не подозревают об опасности, которую может содержать информация в виртуальном пространстве, а именно пропаганда потребления алкогольных, наркотических средств, насилия и жестокости, агрессивного и суицидального поведения и т. д. Авторами выявлены и даны характеристики информационных угроз, таких как кибербуллинг, рассмотрены проблемы детских суицидов, которые совершаются посредством «групп смерти» в социальных сетях. Представлены планы мероприятий со стороны государства, а также выделены профилактические меры для обеспечения информационной безопасности ребенка в глобальном информационном пространстве. В статье приведены примеры решения проблемы информационной безопасности в Республике Казахстан и других странах на основе обзора публикаций по данной проблематике, а также нормативно-правовых актов Республики Казахстан и зарубежных государств. Раскрыты вопросы необходимости дальнейшего изучения проблемы и разработки профилактических мероприятий, направленных на предотвращение возникновения информационных угроз и онлайн-рисков. Сделаны выводы о целесообразности разработки мер как социальной, так и правовой направленности с целью предупреждения подобных правонарушений. Результатами проведенного исследования явились предложенные авторами возможные меры по совершенствованию системы правового обеспечения информационной безопасности детей в Республике Казахстан.

Ключевые слова: ребенок, информационная безопасность, права ребенка, информация, вредная информация, защита, Интернет, кибербуллинг, травля.

M.T. Akimzhanova, G.A. Ilyassova

Issues of ensuring the information security of the child in the digital space of the Republic of Kazakhstan

The rapid development of social resources of Internet technologies has led to a sharp increase in the number of users of all ages, among them children, who are consumers of various, including destructive information. Today, modern global trends signal the emergence of new formats of threats and online risks. Children are active users of the global Internet, and most of them are unaware of the danger that information in the virtual space may contain. To be more precise, it is the propaganda of the consumption of alcohol, drugs, violence and cruelty, aggressive and suicidal behavior, etc. The authors identified and gave characteristics of information threats, such as cyberbullying, considered the problems of child suicides that are committed through “death groups” in social networks. We have presented action plans on the part of the state, and also highlighted preventive measures to ensure the information security of the child in the global information space. The article provides examples of solving the problem of information security in the Republic of Kazakhstan and other countries based on a review of publications on this issue, as well as regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan and foreign countries. We have revealed the issues of the need for further study of the problem and the development of preventive measures aimed at preventing the occurrence of information threats and online risks. In order to prevent such offenses, conclusions are drawn about the expediency of developing measures of both social and legal orientation. The results of the study were possible measures proposed by the authors regarding the improvement of the system of legal provision of information security of children in the Republic of Kazakhstan.

Keywords: child, information security, child's right, information, harmful information, protection, Internet, cyberbullying, bullying.

References

- 1 «Qazaqstan Respublikasynyn Aqparattyq doktrinasyn bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2023 zhylqy 20 nauryzdaqy N 145 Zharylqy [Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated March 20, 2023 “On approval of the information doctrine of the Republic of Kazakhstan”]. *Akorda.kz*. Retrieved from <https://akorda.kz/ob-utverzhdennii-informacionnoy-doktriny-respubliki-kazakhstan-2025248> [in Kazakh].
- 2 «Bala quyqytary turaly Konventsiiany ratifikatsiialau turaly» Qazaqstan Respublikasynyn Zhoqarqy Kenesinin 1994 zhylqy 8 mausymdaqy qaulysy [Resolution of the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan dated June 8, 1994 “On ratification of the convention on the rights of the child”]. *Adilet.zan.kz*. Retrieved from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_ [in Kazakh].
- 3 Boliakova, E.G., Zagviiazinskaia, E.V., & Berezentseva, A.I. (2017). Informatsionnaia kultura i informatsionnaia bezopasnost shkolnikov [Information culture and information security of schoolchildren]. *Obrazovanie i nauka — Education and science*, 19 (8), 147–162 [in Russian]; Goltiapina, I.Yu., & Mukhametova, D.F. (2017). Normativno-pravovoe obespechenie informatsionnoi bezopasnosti detei [Regulatory and legal provision of information security of children]. *Innovatsionnaia ekonomika i obshchestvo — Innovative economy and society*, 3 (17), 71–79 [in Russian]; Dadaeva, M.S. (2018). Gosudarstvennaia sistema kiberbezopasnosti i preduprezhdenie ekstremizma sredi nesovershennoletnikh [State cybersecurity system and prevention of extremism among minors]. *Sovremennye nauchnye issledovaniia i razrabotki — Modern scientific research and development*, 1, 5 (22), 183–185 [in Russian].
- 4 Poliakova, T.A. (2008). Pravovoe obespechenie informatsionnoi bezopasnosti pri postroenii informatsionnogo obshchestva v Rossii [Legal provision of information security in building an information society in Russia]. *Extended abstract of Doctor's thesis*. Moscow [in Russian].
- 5 Bachilo, I.L. (2017). Informatsionnoe pravo [Information law]. (5th edition, revised and expanded). Moscow: Izdatelstvo «Yurait» [in Russian].
- 6 Aleksentsev, A.I. (1999). Sushchnost i sootnoshenie poniatii «zashchita informatsii», «bezopasnost informatsii», «informatsionnaia bezopasnost» [The essence and correlation of the concepts of “information protection”, “security of information”, “information security”]. *Bezopasnost informatsionnykh tekhnologii — Information technology security*, 1, 12–19 [in Russian].
- 7 «Aqparattandyru turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2015 zhylqy 24 qarashadaqy N 418-V Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated November 24, 2015 No 418-V “On informatization”]. *Online.zakon.kz*. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37847228#activate_doc=2 [in Kazakh].
- 8 «Balalardy densaulyqy men damuyna zardabyn tizigetini aqparattan qorqau turaly» 2018 zhylqy 2 shildedegi N 169-VI Qazaqstan Respublikasynyq Zany [Law of the Republic of Kazakhstan “On protection of children from information harmful to their health and Development” Law of the Republic of Kazakhstan dated July 2, 2018 No. 169-VI]. *Adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000169> [in Kazakh].
- 9 Goltiapina, I.Yu., & Mukhametova, D.F. (2017). Normativno-pravovoe obespechenie informatsionnoi bezopasnosti detei [Regulatory and legal provision of information security of children]. *Innovatsionnaia ekonomika i obshchestvo — Innovative economy and society*, 3 (17), 71–79 [in Russian].
- 10 (2019). Deti v informatsionnom obshchestve [Children in the Information Society]. Nur-Sultan: Izdatelstvo IP «BiKA» [in Russian].

11 «Qazaqstan Respublikasyndaqy balanyn quyqytary turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2002 zhylqy 8 tamyzdaqy N 345-II Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated August 8, 2002 No. 345-II “On the rights of the child in the Republic of Kazakhstan”]. *Online.zakon.kz*. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51032460#activate_doc=2 [in Kazakh].

12 Kumisbekov, S.K., Sabitov, S.M., & Akimzhanova, M.T. (2022). Qazirgi kezendegi kiberbullingtin aldyn alu meseleleri [Cyberbullying prevention problems of at the present stage]. *Qaragandy universitetinin khavarshysy — Bulletin of the Karaganda University*, 1(105), 85-95 [in Kazakh].

13 «Balalardy zorlyq-zombylyqtan qorqau, suitsidtin aldyn alu zhane olardyn quyqytary men salamattyqyn qamtamasyz etu zhonindegi 2023–2025 zhyldarqa arnalqan keshendi zhospardy bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasy Ukimetiniq 2023 zhylqy 31 tamyzdaqy N 748 qaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated August 31, 2023 No 748 “On approval of the Comprehensive Plan for the protection of children from violence, suicide prevention and ensuring their rights and well-being for 2023-2025”]. *Adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000748> [in Kazakh].

14 Dubov, S.S., Linkov, V.V., & Karbainova, M.A. (2019). Informatsionnaia bezopasnost rebenka v tsifrovom prostranstve Rossiiskoi Federatsii [Information security of a child in the digital space of the Russian Federation]. *Rossiiskii tekhnologicheskii zhurnal — Russian Technological journal*, 7(4), 21–30 [in Russian].

15 «Sinii kit» vernulsia v novom obliche [The “Blue Whale” has returned in a new guise]. *iz.ru* Retrieved from <https://iz.ru/697537/anzhelina-grigorian-vladimir-zykov/sinii-kit-vernulsia-v-novom-obliche> [in Russian].

16 Iksanov, R.A., Bikamova, Z.I., & Gimazetdinova, Yu.R. (2018). Informatsionnaia bezopasnost rebenka v seti Internet [Information security of a child on the Internet]. *Mezhdunarodnyi zhurnal gumanitarnykh i stroitelnykh nauk — International Journal of Humanities and Construction Sciences*, 5, 111-114 [in Russian].

17 «Kibernadzor» obespechit blokirovku prodazhi narkotikov v Internete [“Cyber surveillance” will ensure the blocking of drug sales on the Internet]. *el.kz* Retrieved from https://el.kz/ru/kibernadzor-obespechit-blokirovku-prodazhi-narkotikov-v-internete_67786/ [in Russian].

18 Qazaqstan Respublikasynyn 2014 zhylqy 3 shildedegi N 226-V Qylmystyq kodeksi [Criminal code of the Republic of Kazakhstan dated July 3, 2014 No. 226-V]. *Online.zakon.kz*. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575294#activate_doc=2 [in Kazakh].

19 Shpagina, E.M. (2016). Informatsionnaia bezopasnost v kontekste zashchity prav detei v Rossiiskoi Federatsii [Information security in the context of the protection of children's rights in the Russian Federation]. *Psikhologiya i pravo — Psychology and law*, 6 (4), 86–94 [in Russian].

20 Ostroushko, A.V., Bukalerov, A.A., & Bukalerov, S.A. (2018). Zashchita informatsionnoi bezopasnosti nesovershennoletnikh v KNR [Protection of information security of minors in China]. *Legal Bulletin*, 3(1, 2), 53–58 [in Russian].